



Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдауы жөніндегі шаралар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 170 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 8 маусымда № 7721 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 183 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 183 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдауы жөніндегі шаралар туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап екі айдың ішінде өз қызметтерін Нұсқаулыққа сәйкес келтірсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 28 сәуірдегі
№ 170 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капиталы жеткіліктілігі коэффициенттерін, жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беруші акцияларының жиырма бес пайыздан астамын туралы немесе жанама иеленетін, ашық жинақтау зейнетақы қорының ірі қатысушыларын қолдау жөніндегі шаралар туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 246 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5542 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2009 жылғы № 5, "Заң газеті" газетінде 2009 жылғы 6 наурызда № 35 (1458) жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2010 жылғы 29 наурыздағы № 49 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6204 тіркелген, 2010 жылғы 3 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 456 (26299) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер тізбесінің 10-тармағы.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі № 111 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6393 тіркелген, 2010 жылғы 3 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 456 (26299) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 6-тармағы.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 28 сәуірдегі
№ 170 қаулысымен
бекітілген

Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі

қатысушысының жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдауы жөніндегі шаралар туралы нұсқаулық

1. Осы Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдауы жөніндегі шаралар туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес өзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – Қор) және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – Ұйым) ірі қатысушысының Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдауы жөніндегі шараларды белгілейді.

2. Қордың және (немесе) Ұйымның ірі қатысушысы (бұдан әрі – ірі қатысушы) осы Нұсқаулықта көзделген, Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2009 жылғы 5 тамыздағы № 180 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5789 тіркелген) (бұдан әрі – № 180 қаулы), "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2009 жылғы 5 тамыздағы № 181 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5793 тіркелген) (бұдан әрі – № 181 қаулы), "Бағалы қағаздаррында кесіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 215 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5810 тіркелген) (бұдан әрі – № 215 қаулы) қаулыларында белгіленген деңгейде қолдауы жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Нұсқаулықта айқындалған, Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін ірі қатысушылардың қолдауы жөніндегі шаралар:

1) занды тұлға болып табылатын ірі қатысушының Қордың және (немесе) Ұйымның ірі қатысушыларының сақтауы үшін міндettі Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдауы жөніндегі шараларды қолданудың талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарын әзірлеуден және бекітуден;

2) Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің қажетті деңгейін (мәнін) тұрақты қамтамасыз етуден;

3) Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің қажетті деңгейін (мәнін) жедел қамтамасыз етуден тұрады.

4. Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің қажетті мәнін тұрақты қамтамасыз ету шаралары мыналардан:

1) Қордың және (немесе) Ұйымның № 180 қаулыда, № 181 қаулыда, № 215 қаулыда белгіленген пруденциалдық нормативтерді сақтауын тексеру мақсатында Қордың және (немесе) Ұйымның тоқсан сайынғы қаржылық есептілігін талдау негізінде Қордың және (немесе) Ұйымның қаржылық жай-күйін тоқсан сайын бағалаудан, сондай-ақ Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің төмендеуіне ықпал ететін тәуекелдерді бағалаудан;

2) Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталы жеткіліктілігінің болжамдық мәндерін тоқсан сайын бағалаудан;

3) Қордағы және (немесе) Ұйымдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің, оның ішінде көрсетілген жүйелердің Заңның 40-1-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келу бағаларының қамтамасыз етілуін жыл сайын бақылаудан;

4) ірі қатысушылары бар Қорда және (немесе) Ұйымда Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген жедел қамтамасыз ету шараларын айқындайтын рәсімдердің болуын жыл сайын бақылаудан;

5) зейнетақы активтерін инвестициялаған кезде Қордың инвестициялық декларацияны және меншікті активтерді инвестициялаған кезде Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті активтерін инвестициялау саясатын ірі қатысушылары бар Қордың және (немесе) Ұйымның сақтауын тоқсан сайын бақылаудан;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 қантардағы № 7 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5165 тіркелген

) сәйкес жасалған, Қордың және (немесе) Ұйымның қаржылық жай-күйі нашарлауы мүмкін жағдайда Қорды және (немесе) Ұйымды қайта капиталдандыру жоспарында көзделген шараларды қабылдаудан тұрады.

5. Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенті № 180 қаулыда, № 181 қаулыда, № 215 қаулыда белгіленген нормативтік мәннен төмен азайған кезде ірі қатысушы оны ұлғайту мақсатында Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентін тұрақты қамтамасыз ету шараларынан басқа қосымша жедел қамтамасыз ету шараларын қолданады.

6. Жедел қамтамасыз ету шаралары:

1) Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің қажетті мәнін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттерді;

2) Қор және (немесе) Ұйым активтерінің құрылымын өзгерту жөніндегі іс-әрекеттерді;

3) Қордың және (немесе) Ұйымның ұйымдастыру құрылымын өзгерту жөніндегі іс-әрекеттерді;

4) Қор және (немесе) Ұйым акционерлерінің арасында оның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуді және (немесе) төлеуді (таза кірісті бөлуді) тоқтата тұру жөніндегі іс-әрекеттерді көздейді.

7. Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің қажетті мәнін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер Қордың және (немесе) Ұйымның орналастырылатын акцияларын ірі қатысушының сатып алуынан, Қордың және (немесе) Ұйымның меншікті капиталы жеткіліктілігі коэффициентінің қажетті мөлшерін № 180 қаулыда, № 181 қаулыда, № 215 қаулыда белгіленген нормативтік мәнге сәйкес келтіру мақсатында осы акциялардың құнын төлеуден тұрады, бірақ олармен шектелмейді.

8. Қор және (немесе) Ұйым активтерінің құрылымын өзгерту жөніндегі іс-әрекеттер:

1) Қорды және (немесе) Ұйымды кредиттік және (немесе) нарықтық тәуекелдерге ұшырататын операцияларды шектеу немесе тоқтата тұру;

2) портфель бойынша тәуекелдерді азайту мақсатында Қордың инвестициялық портфелін қайта құрылымдау;

3) елеулі шығыстармен байланысты немесе Қорды және (немесе) Ұйымды қосымша тәуекелдерге ұшырататын операциялардың тізбесін және көлемін қысқарту түрінде жүзеге асырылады.

9. Қордың және (немесе) Ұйымның ұйымдық құрылымын өзгерту жөніндегі іс-әрекеттер:

1) әкімшілік-шаруашылық шығыстарды, оның ішінде қызметкерлерді қосымша жалдауды шектеу арқылы қысқарту;

- 2) Қордың және (немесе) Ұйымның штат санын өзгерту;
- 3) инвестициялық комитеттің құрамын өзгерту түрінде жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК